Бекітемін:
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
_________ А.И.Хожамуратова

# АШЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

## Тақырыбы: Құтқарушы күшіктер



**«Ақжелкен» ересек тобы**

**Тәрбиеші: С.А.Игиликова**

**Шымкент 2020 ж.**

Scanned by TapScanner

# Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

**Тобы:**
**Білім аумағы:** Коммуникация, Таным, Шығармашылық, Әлеумет.
**Білім бөлімі:** Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, Көркем әдебиет, Жапсыру, Мүсіндеу.
**Өтілетін күні:**
**Тақырыбы:** «Құтқарушы күшік»
**Мақсаты:** Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, таным білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін, қиялын, есте сақтап түсіну, сұрақтарға толық жауап беру дағдысын бекіту.
**Міндеті:** Көркемдік талғаммен ой-қиялын дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру арқылы, сөздерді толық айтуға машықтандыру. Шығармашылықтарын дамыту.
**Мақсаты:** Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:** Дидактикалық материалдар, суреттер, жаңа технологиялар (Слайд)
**Алдын ала жұмыстар:** Д/О «Сәйкес орындықтарды тап »
**Билингвалдық компоненттер:** Құтқарушы күшік-

| Қызмет этаптары | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Қызмет түрі | Шаттык шеңбері<br><br>Қуан, шаттан, алақай.<br>Қуанатын күн келді!<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Сәлеметсіңдер ме ! | Сәлеметсіз бе?<br><br>Балалар шаттық шеңберін іс-қимылмен айтады |
| Ұйымдастыру-ізденушілік | **Ғ/С.** Сыйқыршының келуі.<br><br>-Тыңдаңыздар,тыңдаңыздар бүгін керемет те қызықты каламыздың балалар театрнда ертегі қойылады. Ертегіні тамашалауға асығыңыздар!<br>**Тәрбиеші:**Балалар театр дейді ме қане сиқыршыдан сұрайықшы.<br>-Тоқташы, Сиқыршы біздің де сол театрға | -Әрине |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | барып ертегі тамашалағымыз келеді.<br>-Сәлеметсіңдер ме балалар! Бізді де ала кетесің бе? Мен қандай әдемі балаларды көріп тұрмын.<br>-Сендер театрға барғыларың келе ме?<br>Олай болса сендер маған өздеріңнің сүйікті өлең шумақтарын айтып берсеңдер<br>«Өлен шумақтар айтылады»<br>**Балалар:**<br>Бала бала баламыз<br>Бақшамызға барамыз,<br>Күні бой қызық қа<br>Батамызда қаламыз.<br>**Сыйқыршы:** Мен сендерді сиқырыммен сиқырлап театрға алып кетемін.<br>Ой сендер өнерлі екенсіңдер.Мен мынандай өнерлі балаларды апарамын, ендеше көздеріңді жұмыңдар.<br><br>Көзімізді жұмайық<br>Ертегіні ойлайық<br>Суф-салафей,салафей<br>Сиқырға таң қалайық<br>Көзімізді ашқанда<br>Театрдан шығайық<br>Ақалай –мақалай<br>Суф – салафей, суф – салафей.<br>Ғажайып театр әлеміне ену:<br>-Қараңдаршы балалар,біз сиқырмен театрға келдік. Сиқыршы біз қандай ертегіні тамашалаймыз?<br>**Сыйқыршы:**-Балалар,мен сендерге жұмбақ жасырамын.Сол жұмбақтың жауабын тапсаңдар етрегімізді тамашалаймыз.<br>Кәне олай болса ойланамыз.<br>**«Жұмбақ»**<br>Орманда жүр бір өзі<br>Үстінде қызыл көйлегі<br>Әжесін іздеп келеді<br>Қасқырдан қорқып жүргені<br>Айтыңдаршы балалар<br>Бұл қай қызықты ертегі<br>-Жарайсыңдар балалар,ал олай болса барлығымыз тыныштлалып<br>**«Қызыл телпек»** ертегісін тыңдайық.<br>**Сайқымазақ:**Ал мен болсам басқа да топтардың балаларын театрға шақырып келейін.<br>Ертегі қойылымы басталады. Ерте ерте | -Әрине<br><br>Балалар шеңбер болып қолдарын ұстап тұрады<br><br>Алақай қандай керемет.<br><br>Балалар ойлана отырып жұмбақтың шешуін табады. |

| | | |
|---|---|---|
| | заманда Қызыл телпек қыз болыпты.<br>**Қасқыр:**-Ооо,мен кімді көріп тұрмын. Қарным ашып тұрған еді жақсы болды ғой менің қарным бір тойатын болды ғой. | |
| | **Телпек**:-Жоок,мені жемеші қасқыржан .Сенен өтініп сұраймын.<br>**Қасқыр**: -Неге жемеймін жеймін сені?<br>**Телпек**:Енді не істесем екен | Әрине |
| | құтқарыңдаршы кім бар .Мені қасқыр жейін деп жатыр.<br>**Қасқыр:**-Саған көмеккке ешкім келмейді орманда ешкім жоқ.<br>**Телпек:**-Кім бар екен.Ой мен мына жақтан балаларды көріп тұрмын ғой.балалар маған көмектесіңдерші.<br>**Тәрбиеші;** -Ой балалар бізден Қызыл Телпек көмек сұрап жатыр.Зұлым қасқыр жемекші.Қызыл телпекке көмектесеміз бе?<br>**Тәрбиеші;** -Қасқыржан, сен біздің балаларымыздың сүйікті кейіпкері Қызыл телпекті жемекші.<br>**Қасқыр:**Жоқ мен жимін менің қарным ашып тұр. Мен қарнымды немен тойдырамын.<br>Тәрбиеші: Біз сенің қарныңды тойдырамыз. Бірақ сен Қызыл Телпекті жемеші.<br>**Қасқыр:**-Маған сендер не бересіңдер?<br>**Тәрбиеші**:Ал, балалар мен мына тиятырдан қасқырды тойдыратын ештңе көріп тұрған жоқпын. Енді не істесек болады.<br>**Айсұлтан:** Апай менің сізге айтар өтінішім бар.Қызыл Телпекті құтқаруға көмекке біздің сүйікті мутфильміздегі құтқарушы күшікті шақырайықшы.<br>**Тәрбиеші**.-Құтқарушы күшікті сендер қаласаңдар шақырайық.<br>Қане оны қалай шақырамыз.<br>**Айсұлтан:** - Мен шақыруды білемін апай.<br>Экраннан слайд арқылы көрсету:<br>**«Күшіктің келуі»** | Балалар ертегіні сахналайды және мұқият тыңдайды. |
| | | Балалар күштің келегеніне қуанады. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | [redacted]<br><br>-Ой балалар Сәлеметсіңдер ме!<br>Мені көмекке шақырдыңдар ма?<br>**Тәрбиеші:** Күшік біздің Қызыл телпекті қасқыр жеп қоймақшы. Қасқырдың қарны аш сияқты. Біз Қызыл телпекті Қасқырдан аман алып қалу үшін не істесек болады?<br>**Күшік;** - Ой қорықпаңдар мен құтқарушы күшік емеспін бе. Олай болса құтқарушы күшік көмекке дайын.<br><br>Менің қасқырды тамақтандыру ойыным бар соны ойнасқ қайтеді.<br>**Д\О «Қасқырды тамақтандыру»**<br>Ойынның шарты:<br>Оң мен солды ажырата отырып, ептілікке көмек сұраған досына көмектесуге әрқашан қамқор болуға ұмтылу дайын болу..<br>**Тәрбиеші:**<br>-Ойыныңыз қандай қызықты.<br>Қасқырдың қарны тойған сияқты.<br>Балалар ертегіні ары қарай жалғастырады.<br>**Қасқыр:** Ой қандай керемет менің қарным бір тойатын болдығой.<br>Менің қарным тойды маған ұйықтайтын үйшік керек.<br>**Д\О:** «Үйшік құрастыру»қалдық заттардан.<br>**О\Шарты:** Кеңістікті бағдарлауға, белгіленген орынды санауға, түстерді ажырата отырып орналастыруға, жоғары төмен ұғымын қалыптастыру ұғымын бекіту. | Балалар таң қалады<br><br>Ойынды қызыға ойнады.<br><br>Еркін және ұйымшылдықпен ойынға қызықты. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Қызыл Телпек:**-Ой достарым маған көмектесіңдерші. Мына қасқыржан тағы ашуланды.<br>Сол кезде Құтқарушы күшік мен дайынмын көмекке – деп, балаларды бірлесе қызықтырып ойынға шақырады. Қызыл телпеке көмектесейік.<br>**Тәрбиеші:** -Ой құтқарушы күшік сен біздің досымыз Қызыл Телпекті қасқырдан құтқарып қалдың.<br>Ойының да, өте қызықты екн.<br>Күшік сенде шаршаған боларсың біздің балаларда шаршаған болар.<br>Олай болса бәріміз бірге серігіп алайық.<br>**«Сергіту сәті»**<br>Күндіз де, түнде де.<br>Әрқашан әзір көмекке.<br>Қасқыр келсе үретін.<br>Ұры келсе қуатын<br>Құтқарушы күшік әрқашан бізбен бірге.<br>Алақай, алақай.<br>**Күшік;** -Балалар сендер менің ойынымды керемет жасадыңдар.Ал менің сендерге Құтқарушы күшіктедің , сендерге беріп жіберген «Алқасы»бар еді мен сендерге соны тарту етейін.<br><br> | Тәрбиешіні мұқият тыңдады<br><br>Бірлесе қуана сергіту сәтін іс-қимыл арқылы жасады.<br><br>Балалар күшіктің сыйлығын қуана қабыл алды. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>**Тәрбиеші:**-Сыйлығың керемет екен.<br><br>Олай болса балалар осы алқа арқылы .<br><br>Біз шығармашылық алаңына екі белгі арқылы екі топқа бөлінейік.<br><br>«Шығармашылық»<br><br>Дәстірден тыс:<br><br>1 Сүйек жасау (ермексазды пайдалана отырып , сұқсаусақтың көмегімен жағу)<br><br>2 Із жасау (кір қыстырғышқа дөңгелектенген ақ мақтаны қыстырып, қоңыр түсті бояуға батырып із жасау.<br><br>3 Жұлдызша жасау (желімделген жұлдызшаға жылтырақ қиындысын себу)<br><br>Құтқарушы күшікке сүйек сыйлау.<br>«Балалар кір қыстырғышқа домалақтанған мақтаны қыстырып,<br>Күшікке арналған сүйекті бояп шығу »Мөрлеу арқылы.<br><br>**Тәрбиеші:** Құтқарушы күшік біздің балалардың саған арналған сыйлығы.<br>Құтқарушы күшік; Ой ,балалар маған сыйлықтарың ұнады.<br>Ал мұндағы Сыйқыршыға да арналған сыйлығы .<br><br>**Сыйқыршы**: Балалар сендер өте білгір тапқыр және өте өнерлі екенсіңдер екенсіңдер.Маған ұнады сыйлықтарың.<br>Ал мен сендерді сыйқырлап театыр | Балалар шығармашылықты бірлесе орындады. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | әлеміне алып келген болатынмын.<br>Ендеше сендерді өздеріңнің топтарыңа сыйқыриммен апарайын.<br>**Сыйқыршы:**<br>Көзімізді жұмайық<br>Ертегіні тыңдадық,<br>Суф салафей, суф салафей<br>Сыйқырға таң қалайық .<br>Көзімізді ашқан да,<br>Тобымыз да , болайық.<br><br>Балалар сендерді топтарыңа жеткіздім.<br>Сыйқыршыға сыйлық сыйлау.?<br>Мен жаңа сендер ертегі көріп отырғандарыңда .Басқа балаларды да , тиатырға әкелген болатынмын. Ол балалардың да , ертегілері біткен болар.Мен оларғада барайын.<br>Енді сау болыңдар балалар кездескенше. | Балалар сыйқыршымен бірлесе көңілді айтады. |
| Жетекші - жөндеуші | Тәрбиеші балаларды мадақтап.<br>-Балалар бізге кім келді?<br>-Біз қайда бардық?<br>-Біз қандай ертегіні сомдадық?<br>-Қызыл телпекті не жемекші болды?<br>-Бізге көмекке не келді?<br>Сендерге ұнады ма? | Сыйқыршы<br>тиатырға<br>Қызыл телпекті<br>Қасқыр<br>құт\күшік<br>ұнады<br>Сау болыңыздар! |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу қажет:** Мейірімді болуға, көмектесе білуге дағдыланды
**Қалыптасқан түсініктер:** Ойлау қабілеттері дамиды, қайырымды болуды,қиын сәтте досына көмек беруді түсінеді.
**Орындаушылық қабілеті:** Ойындарды түсініп ойнады. Кездескен кедергілердің тапсырмаларын орындады. Өз бетінше жұмыс жасай алды.

Scanned by TapScanner